

## 2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек кезеңінде 72,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 24,8%-ға жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші 117,9% құрады.

НКИ ұлғаюы келесі тауарлар бойынша өндіріс көлемінің ұлғаюымен байланысты: өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) 40,2%-ға; кеңсе ағаш жиһазы 18%-ға; асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз 3,1%-ға ұлғайды.

Жиһаз өнімдерін тұтынудың ішкі нарығы 2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында 413,6 млн. АҚШ долларын құрады. 2024 жылғы қаңтар-тамызда отандық өндірістің үлесі 31,1% құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің экспорты 2024 жылғы қаңтар-тамызда 8,5 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 6,2%-ға төмен.

2024 жылғы қаңтар-тамызда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз (3 759 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш жиһаз (697,2 мың АҚШ доллары), өзге де отыруға арналған жиһаз (629,1 мың АҚШ доллары), пластмассадан жасалған жиһаз (605,8 мың АҚШ доллары), мекемелерде қолданылатын металл типті жиһаз (583,7 мың АҚШ доллары), төсекке түрлендірілетін немесе түрлендірілмейтін отыруға арналған жиһаз және оның бөліктері (9402 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа) (401,1 мың АҚШ доллары) және т.б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге (41,8% немесе 3 563,8 мың АҚШ доллары), Өзбекстанға (20,9% немесе 1 782,2 мың АҚШ доллары), Қырғызстанға (16,2% немесе 1 384,5 мың АҚШ доллары) және т.б. елдерге жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2024 жылғы қаңтар-тамызда 284,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 21,5%-ға жоғары болып отыр.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз (59 188,2 мың АҚШ доллары), өзге де металл жиһаз (35 961,4 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз (27 100,4 мың АҚШ доллары), жатын бөлмесінің ағаш түріндегі жиһазы (23 182,2 мың АҚШ доллары), металл қаңқасы бар отыруға арналған өзге де жиһаз (14 600,4 мың АҚШ доллары) және т.б.


Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден (90,9 млн. АҚШ долларына немесе 31,9%-ға), Қытайдан (57,7 млн. АҚШ долларына немесе 20,3%-ға), Түркиядан (29,3 млн. АҚШ долларына немесе 10,3%-ға), Италиядан (23,3 млн. АҚШ долларына немесе 8,2%-ға), Беларусьтен (22,6 млн. АҚШ доллары немесе 7,9%) келеді.

**Аумақтық бөліністе** жиһаз компаниялары елдің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 25,3%-ы Алматы қаласында (*18,4 млрд теңге*) өндірілетінін атап өту қажет.

# МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## январь-сентябрь 2024 г.

**72,9**  
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

**117,9%**  
ИФО

**\$8,5**  
МЛН



**ЭКСПОРТ**

Импорт 68,9%  
ОТП 31,1%




**РЫНОК**

**\$284,9**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2024 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**